Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы, Қайрат ауылы

МКҚК «Ер Төстік» балалар бақшасы

# Қош бол, балабақшам!

**Мектепалды даярлық «Сұңқар» тобы**

**Тәрбиеші: М.А Сатыбалдиева**

**2023**

**Қош бол, балабақша!**

**…гізуші:** Армысыздар құрметті қонақтар, салеметсіздерме құрметті әріптестер. Құрметті …-аналар,қонақтар бүгін біз бірнеше жыл мәпелеп,күтіп тәрбиелеген бүлдіршіндерімізді …мыздан ұшырып мектепке шығарып салғалы отырмыз.

Толқимыз,толқып түрсыз баршаңызда,

Мұндай күй болған осы қаншаңызда.

Қол соғып қарсы алайық қошеметпен,

«Сұңқар» тобының түлектерін ортамызға.

Ерке мінез,қырсық қыз-**Раманай**

Сұңғақ бойлы, - **Амир** мен биязы мінезді **Диляра**

Топтың сабырлы да ұяңы- **Сұңғат** пен әдемі-**Аружан**

Әр нәрсенің мәні бар-**Ильдар** мен **Зеренің** өз орны бар.

Салмақты бала- **Дильмурат,** Сабырлы қыз- **Сафина**

Білімді де жан жақты - **Имран** мен **Эсманур**

**Эсманур:** Құрметті қонақтар армысыздар

Бәріңізде аман – есен бармысыздар

Қоштасатын күн келді бақшамызбен

Апайларға айтатын алғысымыз бар

**Аружан:** Ақ тілекті ақ топтағы достарым

Қоштасатын кешімізді бастайық

Әдепті де , өнерді де үйреткен

Бақшамызды есімізде сақтайық

**ур-Аружан:** Балалыкта өсірдіңіздер

Балалық кетсе кешіріңіздер

Ұмытпаймыз сіздерді

Ұмытпаймыз сөздерді

Тәрбиеші апайларымыз

Модангуль апаймен Фарида апайды ортаға шақырамыз.

**Тәрбиеші:** Салеметсіздерме құрметті ата-аналар,қонақтар бүгінгі біздің қоштасу ертеңгілігімізге қош келдіңіздер.

Сонау Қайрат ауылында

Білім шашқан маңайда

«Ер Төстік» бақшасында

«Сұңқар» тобы ашылып

Бұл «Сұңқар» тобына бақ қонып

Іші өнерлі-өнегелі балаға толыпты

Бір ананың төріндей

Ынтымағы жарасқан,ұстаздарды сыйлаған

Сол балалар өсіпті буындары бекіпті

Балабақшамен қоштасар уақыттары жетіпті

**Ұстазым менің биі:** Тәрбиешілер,балалар

ıда: Құрметті аналар,балабақша қізметкерлері,бүгін біз мәпелеп тәрбиелеген діршіндерімізді.Бала шақтан болашаққа деп мектепке шығарып салғалы отырмыз.

Өтті қызық көп күндер

6 жасқа жеттіңдер

Барасыңдар мектепке

1 белестен өттіңдер деп балаларды сапарға аттандырайық

**Диспечер сөйлейді**: (Авиа) балалар кассаға билет алуға келеді.Билетті алады.Диспечер ұшатын уақыттың кейінге шегірілгенін хабарлайды.

**Тәрбиеші:** қандай керемет балалар біздің әліде уақытымыз бар екен ,олай болса біз өткен қызықтты сәттерімізді,алған білімімізді еске алайық.

**Жүргізуші:** Мектеп – кеме, білім теңіз

Барар жерге тез жетеміз

Адаспаймыз ұлы жолда

Кітаптарымыз бар қолда

**Ән:** балалардың орындауында «Оқып,біліп үйренеміз»

**Жүргізуші:**

Ақ тілекті ағытып бір тастайық.

Қоштасатын кешімізді бастайық.

Жүздерінде көрем шаттық арайы

Өтсін солай әрбір күнің, әр айың. – деп балаларымыздың өлең тақпақтарына кезек берейік.

**Диляра:**

Балабақша, балабақша
Шаңырағы шаттықтың

бақша қорғанышы
ғын сәби жастықтың

анамыз сыйлаймыз
Қуанышының мың гүлін
Бақшамызбен қимай біз
Қоштасатын күн бүгін

**Ільмурат:**
Оқимыз білім аламыз
Болашақ жолын саламыз
Бақшаменен қоштасып
Біріншіге барамыз

**Сафина:**

Балабақша есігін
Үшке тола ашқанбыз
Едік аппақ нәресте
Көп - көп бөбек көргенде
Жұбанғаным есімде

**Жүргізуші:** Ақылы десе ақылы бар,бойы десе бойы бар,өнер десе олда бар Имран баламыздан ән шашу бар..**Имран ән**

**Жүргізуші:**

Жанарында жұлдыз жанып тұрады,
Қарап тұрған мылқауларды сөйлеткен,
Көрерменнің көңілінен шығады,
Мың бұралған бишілердің өнері! **Қыздардың орындауында «Үнді биі"**

**Жүргізуші: Келесі кезекті балабақшамыздың музыканты Оңалбаева Қарлығаш апайымыздын шашуы ......**

**Жүргізуші:** Біздің балаларымызды өнерлі боп өсуіне көп көмек берген осы балабақшамыздың апайларымен-ағайлары.Ендеше осы құрметті ұстаздарымызға арнаған жыр шумақтарын тыңдайық.

**Әсманур:**

ндірген бақшаны
теруші апай жақсы адам
адыктан да біз үшін
ртыксыз сіз басқадан
ая Қанатқызына мың алғыс

**Сұнғат:**

Жайдары жүз, ай қабақ
Жүреді бізді аймалап
Тобымызға жиі кеп
Білгеніңді сұрайтын
Ақыл айтып тұратын Раушан апайға көп рахмет

**Имран:**

Дене сабағында саппенен

Жүгіртіп бізді алатын

Доптай шапшаң секіртіп

Шынықтырып алатын

Шымыр болуға үйреткен

Нұрлан ағайға мың алғыс

**Ильдар:**

Денсаулыкка болаттай
Ауруларды жолатпай
Күнде болған әбдігер
Қамкоршымыз дәрігер
Шынар апай мың рахмет

**Зере:**

Үйренеміз өнер біз
Шетімізден шеберміз
Бал татыған әндерді
Мың бұралған билерді
Үйреткен Қарлығаш апайға мың алғыс

**Амир:**

Тәтті тағам пісірген
Айран сүтін ішкізген
Шараф, Шерин апайлар
Сіздерге мың алғыс

**Аружан:**

баптап қараған
імдеген жақсы адам
төсекке жатқызған
асымыздан сипаған
Фарида,Модангуль апайларға көп рахмет

**Раманай:**

Ардақтап бізді мақтаған

Ұстазымыз сіздерге

Таза сәби жүректен

Мың алғыс , мың алғыс

**Имран:** Әдіскер Асия апайға,

Алғыс айтып жүреміз.

Қабыл алып гүлімізді,

Әдемі болып жүріңіз.

**Жүргізуші:** Бүгінгі күнде бізден де артық толқып.қуанышқа бөленіп отырған тағы бір жанымызға жақын , аяулы жандар бар.

Олар біздің....

**Бәрі бірге-** аналарымыз

Әлпештеп өсірген,ұйқысын төрт бөлген

Азанмен жетектеп бақшаға әкелен

Анашым саған көп рахмет көп рахмет

**Жүргізуші:** Қуаныштан шаттанып

Той тойлайық алақай

Көңілденіп шаттанып

Би билейік балақай.

Ұлдарымыздың орындауында тамаша биді тарту етеміз.Қабыл алыңыздар...

Ән: **Балалардың орындауында «Біз мектепке барамыз»**

**Жүргізуші:** Жаңа өмір басталсын,

Үміт сенім ақталсын

Ұмытылмай балабақша вальсі

Көңілде мәңгі сақталсын! Бүлдіршіндеріміздің орындауында **«Вальс» биі**

**Жүргізуші:** Модангуль апай Қарлығаш апай ән шашу балаларға «Қимай тұрмын»

**Жүргізуші:**
**Бүгінгі той бәрімізге құтты болсын,**
**Мектеп есігі әрқашан ашық болсын.**
**Біріншіге баратын бүлдіршіндерді,**
**Балабақша меңгерушісі құттықтасын.**




